

Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы N 299 Заңы.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Мәтіндегі "республикалық бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 20.12.2004 № 13 Заңымен (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "мемлекеттік қызмет туралы заңдардан", "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарына", "мемлекеттік қызмет туралы заңдарында", "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен" деген сөздер тиісінше "мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамадан", "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасына", "мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында", "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасымен" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 23.11.2015 № 417-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Кіріспе алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) "ад хок" дипломатиялық курьері – курьерлік парақ ресімделген, дипломатиялық поштаны жеткізуді жүзеге асыратын жеке тұлға;
- 2) вализа – дипломатиялық поштаны тасымалдауға арналған пакет, конверт, қап, чемодан, өзге де ыдыс;
- 3) дипломатиялық курьер – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дипломатиялық қызмет органдарында республикалық бюджеттен ақы төленетін мемлекеттік лауазымды атқаратын, курьерлік парақ ресімделген, дипломатиялық поштаны жоспарлауды, жиынтықтауды, ресімдеуді, жөнелтуді, жеткізуді және қабылдауды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің персоналы;
- 4) дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі ұйым – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктеріне,

халықаралық ұйымдарға және (немесе) олардың өкілдіктеріне, сондай-ақ шет мемлекеттердің консулдық мекемелеріне және дипломатиялық өкілдіктердің, халықаралық ұйымдардың және (немесе) олардың өкілдіктерінің басшыларына, персоналы мүшелеріне, Қазақстан Республикасындағы консулдық мекемелердің жұмыскерлеріне қызмет көрсету жүктелген заңды тұлға.

Осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі ұйымға өзге де функциялар жүктелуі мүмкін;

5) дипломатиялық пошта – дипломатиялық поштаға жататындығы курьерлік парақпен расталатын, ресми құпия емес немесе құпия хат-хабар, заттар немесе техника;

6) курьерлік парақ – Сыртқы істер министрлігінің немесе шет елдегі мекеменің дипломатиялық пошта, дипломатиялық курьер мен "ад хок" дипломатиялық курьері мәртебесін растайтын ресми құжаты;

7) Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің ардагері (бұдан әрі – дипломатиялық қызмет ардагері) – бұрын Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметі персоналының лауазымын атқарған, жиырма бес жылдан кем емес жалпы еңбек өтілі бар, оның он жылын дипломатиялық қызмет органдарында және (немесе) Қазақстан Республикасынан жолдама бойынша халықаралық ұйымдарда жұмыс істеген және Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған адам;

8) Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің жұмыскерлері (бұдан әрі – дипломатиялық қызмет жұмыскерлері) – дипломатиялық қызмет органдарында штаттық әкімшілік-техникалық лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілер;

9) Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің қызметкерлері (бұдан әрі – дипломатиялық қызмет қызметкерлері) – дипломатиялық қызмет органдарында штаттық дипломатиялық лауазымдарды атқаратын, әдетте, дипломаттық дәрежесі бар және құқықтары мен міндеттерін дипломатиялық қызмет органдарына жүктелген міндеттер мен функцияларды іске асыру мақсатында жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілер;

10) Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің персоналы (бұдан әрі – дипломатиялық қызмет персоналы) – дипломатиялық қызмет қызметкерлері мен дипломатиялық қызмет жұмыскерлері;

11) Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметі персоналының бірге жүретін отбасы мүшелері (бұдан әрі – дипломатиялық қызмет персоналының бірге жүретін отбасы мүшелері) – дипломатиялық қызмет персоналының жұбайы (зайыбы), кәмелетке толмаған балалары, кәмелетке толмаған асырап алған балалары, сондай-ақ медициналық ұйымның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген қорытындысына сәйкес күтіп-бағуға мұқтаж еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балалары және (немесе) ата-аналары.

Дипломатиялық қызмет персоналының бірге жүретін отбасы мүшелерінің қатарына осы тармақшаның бірінші бөлігінде аталған адамдарды қосу тәртібі, сондай-ақ еңбекке жарамсыз ата-аналарын қосудың айрықша жағдайлары Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің персоналын ротациялау қағидаларында айқындалады;

12) Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметі персоналының отбасы мүшелері (бұдан әрі – дипломатиялық қызмет персоналының отбасы мүшесі) – дипломатиялық қызмет персоналының жұбайы (зайыбы), балалары, асырап алған балалары, сондай-ақ ата-аналары;

13) Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі (бұдан әрі – дипломатиялық қызмет) – Қазақстан Республикасы азаматтарының дипломатиялық қызмет органдарындағы Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылатын кәсіптік қызметі;

14) Қазақстан Республикасының консулдық қызметі – дипломатиялық қызметтің халықаралық құқық жол беретін шекте қызметі мемлекеттің, Қазақстан Республикасы азаматтарының және заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен достық қатынастарын дамытуға және экономикалық, сауда, ғылыми-техникалық, гуманитарлық-мәдени байланыстарды және туризм саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге жәрдем көрсетуге бағытталған бір бөлігі.

Қазақстан Республикасының консулдық қызметі өз жұмысын Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысына сәйкес жүзеге асырады;

15) Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі – бір немесе бірнеше шет мемлекетпен қатынастарда Қазақстан Республикасын білдіруге Қазақстан Республикасының Президенті уәкілеттік берген мемлекеттік саяси қызметші;

16) Қазақстан Республикасының халықаралық ұйым жанындағы Тұрақты (Өкілетті) өкілі – бір немесе бірнеше халықаралық ұйыммен қатынастарда Қазақстан Республикасын білдіруге Қазақстан Республикасының Президенті уәкілеттік берген мемлекеттік саяси қызметші;

17) Сыртқы істер министрлігінің кадр резерві – бұрын дипломатиялық қызмет персоналы лауазымдарын атқарған, дипломатиялық қызмет органдарындағы бос немесе уақытша бос лауазымдарға орналасуға үміткер адамдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қалыптастырылған, жүйеленген тізімі;

18) шет елдердегі мекемелер – Қазақстан Республикасының шет елдегі дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, сондай-ақ консулдық мекемелері

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда – ҚР 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 20.04.2023 № 226-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, осы Заңмен реттелмеген бөлігінде мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамадан, өзге де нормативтік құқықтық актілерден және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарынан тұрады.

2. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңда көзделгеннен өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

2-1-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары

Дипломатиялық қызмет саласындағы құқықтық қатынастарды реттеу, сондай-ақ дипломатиялық қызметтің жұмысын ұйымдастырудың құқықтық негіздерін айқындау осы Заңның негізгі мақсаттары болып табылады.

Ескерту. Заң 2-1-баппен толықтырылды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-2-бап. Дипломатиялық қызметтің негізгі қағидаттары

Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

- 1) заңдылық;
- 2) патриотизм;
- 3) Қазақстан Республикасы азаматтары құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің басымдығы;
- 4) Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғау;
- 5) дипломатиялық қызмет персоналының кәсібилігі;
- 6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында белгіленген өзге де қағидаттар.

Ескерту. Заң 2-2-баппен толықтырылды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 19.05.2026 № 291-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-бап. Дипломатиялық қызмет органдарының мәртебесі

Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар дипломатиялық қызмет органдары болып табылады.

4-бап. Дипломатиялық қызметтің бірыңғай жүйесі

Дипломатиялық қызметтің бірыңғай жүйесін Сыртқы істер министрлігі, оның ведомстволары, Сыртқы істер министрлігінің Алматы қаласындағы Өкілдігі, шет елдердегі мекемелер, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігінің қарамағындағы ведомстволық бағынысты ұйымдар, ғылыми-зерттеу және оқу орындары құрайды.

Дипломатиялық қызметтің бірыңғай жүйесін Сыртқы істер министрлігі басқарады.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап. Дипломатиялық қызмет органдарының негізгі міндеттері

Ескерту. 5-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Дипломатиялық қызмет органдарына мынадай негізгі міндеттер жүктеледі:

1) Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының тұжырымдамасы мен негізгі бағыттарын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметіне тиісті ұсыныстар беру;

2) Қазақстан Республикасының сыртқы саяси және сыртқы экономикалық стратегиясы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті үшін ұсыныстар әзірлеу және Президенттің халықаралық бастамаларын іске асыру;

3) Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын іске асыру, Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық саясатын жүзеге асыруға және халықаралық беделін нығайтуға жәрдемдесу;

4) Қазақстан Республикасының Егемендігін, ұлттық, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шекараларының мызғымастығын, оның басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынастардағы және халықаралық аренадағы саяси, сауда-экономикалық және өзге де мүдделерін дипломатиялық құралдар мен әдістер арқылы қорғауды қамтамасыз ету;

5) шет елде Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау;

6) Қазақстан Республикасының халықаралық бейбітшілікті, ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерін дипломатиялық құралдар мен әдістер арқылы іске асыру;

7) Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен дипломатиялық және консулдық қарым-қатынастарын жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін тәртіппен шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда Қазақстан Республикасының бірыңғай

сыртқы саяси, сыртқы экономикалық бағытын және инвестициялық саясатын жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында басқа да мемлекеттік органдардың халықаралық қызметін үйлестіру;

8-1) мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың дамуға ресми көмек саласындағы қызметін үйлестіру;

8-2) Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерімен, халықаралық ұйымдармен және (немесе) олардың өкілдіктерімен, сондай-ақ шет мемлекеттердің консулдық мекемелерімен барлық ресми істерді жүргізу;

9) әлемдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайға, шет мемлекеттердің сыртқы және ішкі саясатына, халықаралық ұйымдардың қызметіне талдау жасау және орталық мемлекеттік органдарды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 10.12.2014 № 264-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.11.2015 № 417-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Дипломатиялық қызмет органдарының негізгі функциялары

Дипломатиялық қызмет органдарына мыналар жүктеледі:

1) шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік ету;

2) Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын іске асыру;

3) келіссөздер жүргізуді және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасуды ұйымдастыру;

4) халықаралық шарттарды жасасу, орындау, қолданылуын тоқтата тұру және күшін жою туралы ұсыныстар дайындау, оларды Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Үкіметінің қарауына белгіленген тәртіппен енгізу;

5) Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынастары мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне, Құрылтайына және Үкіметіне белгіленген тәртіппен ұсыныстар мен ұсынымдар жасау;

6) Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың қызметіне қатысуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының халықаралық қоғамдастық мүшесі ретінде ғаламдық және аймақтық проблемаларды шешудегі рөлін арттыруға жәрдемдесу;

7) Қазақстан Республикасының су ресурстары мен қоршаған ортаны халықаралық қорғау және ұтымды пайдалану, Дүниежүзілік мұхит ресурстарын игеру, ғарыш кеңістігін зерттеу саласындағы мүдделерін қамтамасыз етуге қатысу;

8) Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын, оның қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін, құқық тәртібін қорғауды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен сауда-экономикалық, қаржы, ғылыми және ғылыми-техникалық, мәдени, сондай-ақ өзге де байланыстарын дамыту мен кеңейту жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысу;

9) Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың орындалуын жалпы қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру;

10) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

11) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

12) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

13) дипломатиялық және консулдық артықшылықтар мен иммунитеттердің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

14) Қазақстан Республикасының басқа елдермен парламентаралық байланыстарын жүзеге асыруға жәрдемдесу;

15) Қазақстан Республикасының аумағында және шет елде халықаралық-құқықтық нормалармен және Қазақстан Республикасының заңдарымен регламенттелетін консулдық функцияларды жүзеге асыру;

16) шет елде тұратын отандастармен байланыстарды және қарым-қатынастарды дамытуға жәрдемдесу;

17) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын тіркеудің, есепке алудың және сақтаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

18) Қазақстан Республикасының аумағындағы шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің, сондай-ақ шет мемлекеттердің консулдық мекемелерінің жұмыс істеуіне жәрдемдесу, өз құзыреті шегінде оларға қызмет көрсететін ұйымдардың қызметін бақылауды жүзеге асыру;

19) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

20) шет елде Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі саясаты, елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани өмірі туралы ақпарат таратуға жәрдемдесу;

21) Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттардың депозитарийі функцияларын жүзеге асыру;

22) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының транзиттік-көліктік әлеуетін тиімді пайдалануға жәрдемдесу және энергетика мен мұнай-газ салаларында Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастықпен ынтымақтастығы жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және жүргізуге қатысу;

23) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

24) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, бұқаралық ақпарат құралдарын Қазақстан Республикасының халықаралық жағдайы мен сыртқы саясаты туралы хабардар ету;

25) инвестициялық ахуалдың жақсаруына жәрдемдесу және халықаралық нарықта Қазақстан Республикасының жағымды бейнесін қалыптастыру;

26) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, басым жобаларды іске асыру үшін инвестицияларды, сондай-ақ халықаралық экономикалық және қаржылық ұйымдар беретін қарыздар мен гранттарды тартуға жәрдемдесу;

27) қазақстандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық нарыққа шығуына жәрдемдесу;

27-1) Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының дипломаттық және қызметтік паспорттарын беру, есепке алу, сақтау және жою;

27-2) Қазақстан Республикасының дамуға ресми көмек саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарын іске асыру;

27-3) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

27-4) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

27-5) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

27-6) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

27-7) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

27-8) мыналарды:

шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерін, халықаралық ұйымдарды және (немесе) олардың өкілдіктерін, сондай-ақ шет мемлекеттердің консулдық мекемелерін тіркеуді;

Қазақстан Республикасындағы шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің, халықаралық ұйымдардың және (немесе) олардың өкілдіктерінің басшыларын, персоналы мүшелерін, шет мемлекеттердің консулдық мекемелерінің жұмыскерлерін аккредиттеуді жүзеге асыру;

27-9) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

27-10) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

27-11) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

27-12) шет елдердегі мекемелерде бухгалтерлік есепке алу жөніндегі жалпы ережелерді қолдану тәртібі туралы нұсқаулықты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлеу және бекіту;

27-13) Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігі туралы ережені әзірлеу;

27-14) дипломатиялық қызмет қызметкері немесе дипломатиялық қызмет жұмыскері шет елде қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан не шет елде қызметтік міндеттерін орындау кезінде алған жарақаты салдарынан бір жыл ішінде қайтыс болған, оған шет елде қызметтік міндеттерін орындау кезінде ауруы, мертігуі, (жаралануы, жарақаттануы, контузия алуы) салдарынан болған мүгедектік белгіленген жағдайда және шет елде қызметтік міндеттерін орындау кезінде мүгедектікке алып келмеген мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузия алуы) жағдайында біржолғы өтемақы төлеу тәртібін әзірлеу және бекіту;

27-15) осы Заңның негізгі мақсаттарына, дипломатиялық қызмет органдарының негізгі міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дипломатиялық қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

28) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.27 № 366-IV (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.11.2014 N 244-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.12.2014 № 264-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2017 № 77-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

7-бап. Байланыс, мұрағат, қауіпсіздік және баспа басылымдары

1. Дипломатиялық қызмет органдарының дербес байланысы мен мұрағаты болады.

2. Дипломатиялық қызмет органдары өздерінің жеке телекоммуникациялар желісі мен дипломатиялық поштаны пайдаланады.

3. Сыртқы істер министрлігінің мұрағатында халықаралық шарттардың түпнұсқалары және (немесе) дұрыс көшірмелері, сондай-ақ өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да материалдар сақталады.

4. Дипломатиялық қызмет органдары Қазақстан Республикасының аумағындағы және шет елдегі өзіне қарасты объектілердің қауіпсіздік жүйесін ұйымдастырады.

Шет елдердегі мекемелердің ақпараттық қауіпсіздігін, оның ішінде киберқауіпсіздігін, инженерлік-техникалық, арнаулы және физикалық қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Дипломатиялық қызмет органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес баспа басылымдарын шығаруға құқылы.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2026 № 326-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-1-бап. Дипломатиялық пошта

1. Дипломатиялық пошта дипломатиялық қызмет органдарының қызметін қамтамасыз етуге, дипломатиялық поштадағы мәліметтерді ашуға жол бермеуге, сондай-ақ дипломатиялық қызмет органдары арасында жедел байланыс орнатуға арналған.

Мемлекеттік құпиялар, сондай-ақ таратылуы шектеулі қызметтік ақпарат бар дипломатиялық поштаны жиынтықтау, ресімдеу, жөнелту, жеткізу, қабылдау және сақтау мемлекеттік құпияларды және таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты құрайтын мәліметтерді қорғау жөніндегі талаптар сақтала отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Дипломатиялық пошта Қазақстан Республикасының пошта туралы заңнамасының реттеу нысанасы болып табылмайды.

2. Сыртқы істер министрлігі және шет елдердегі мекемелер дипломатиялық поштаны жоспарлауды, жиынтықтауды, ресімдеуді, жөнелтуді, жеткізуді, қабылдауды және сақтауды жүзеге асырады.

3. Өз қызметін орындау үшін дипломатиялық поштаны пайдалану құқығы бар Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдары хат-хабарды, заттарды немесе техниканы дипломатиялық пошта арқылы жөнелтеді.

4. Егер Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдарының дипломатиялық поштада өткізілуіне тыйым салынған хат-хабар, заттар немесе техника бар деп есептеуге жеткілікті негіздері болса, дипломатиялық поштаны

зерттеп-қарау және ашу дипломатиялық курьердің немесе "ад хок" дипломатиялық курьерінің не дипломатиялық қызмет органдарының өзге де уәкілетті өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады.

5. Дипломатиялық поштаға санкцияланбаған қол жеткізуден қорғау мақсатында дипломатиялық поштасы бар вализа арнаулы қорғау құралдарымен жарактандырылуы мүмкін.

6. Дипломатиялық поштаның ішіндегісі үшін жауапкершілік хат-хабарды, заттарды немесе техниканы дипломатиялық поштамен жөнелту үшін оларды ұсынатын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшыларына, сондай-ақ шет елдердегі мекемелердің персоналына жүктеледі.

7. Дипломатиялық курьерлер мен "ад хок" дипломатиялық курьерлері дипломатиялық поштаны жеткізу және оның қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі өз міндеттерін орындау кезінде мемлекеттің қорғауында болады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, ұйымдары мен лауазымды адамдары өз құзыреті шегінде дипломатиялық поштаны жеткізуде және оның қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз етуде жәрдем көрсетуге тиіс.

Дипломатиялық пошта Қазақстан Республикасының аумағында жоғалған жағдайда, дипломатиялық поштаны іздестіру және күзетуді қамтамасыз ету бойынша іс-қимылды Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет органдары мен басқа да мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өз құзыретіне сәйкес жүзеге асырады.

Дипломатиялық пошта шет мемлекеттің аумағында жоғалған жағдайда, дипломатиялық поштаның тұрған жерін анықтау және оны күзетуді қамтамасыз ету бойынша іс-қимылды дипломатиялық қызмет органдары сыртқы барлау субъектілерімен келісу бойынша жүзеге асырады.

8. Сыртқы істер министрлігі:

1) дипломатиялық поштаны жоспарлауды, жиынтықтауды, ресімдеуді, қабылдауды және сақтауды жүзеге асырады, дипломатиялық поштаны Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге және шет елден Қазақстан Республикасының аумағына жеткізуді ұйымдастырады, сондай-ақ дипломатиялық поштаны жеткізу кезінде оның қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шараларды өз құзыреті шегінде қабылдайды;

2) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) дипломатиялық поштаның жеткізілуін ұйымдастыруға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де заңды тұлғаларды тартады.

9. Шет елдегі мекеме:

1) дипломатиялық поштаны жиынтықтауды, ресімдеуді, қабылдауды және сақтауды жүзеге асырады, Сыртқы істер министрлігінен келіп түсетін дипломатиялық поштаның басқа шет елдердегі мекемелерге жеткізілуін ұйымдастырады;

2) Сыртқы істер министрлігіне жеткізу үшін дипломатиялық поштаны жиынтықтауды, сақтауды, ресімдеуді жүзеге асырады;

3) дипломатиялық поштаның Сыртқы істер министрлігіне жеткізілуін ұйымдастырады;

4) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 1-тарау 7-1-баппен толықтырылды – ҚР 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-тарау. ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ПЕРСОНАЛЫ, ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЛАУАЗЫМДАРҒА ТАҒАЙЫНДАУ

8-бап. Дипломатиялық қызмет персоналы

1. Дипломатиялық қызмет персоналын мыналар құрайды:

1) дипломатиялық қызмет қызметкерлері;

2) дипломатиялық қызмет жұмыскерлері.

2. Алып тасталды – ҚР 2006.05.22. N 143 Заңымен.

Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 2006.05.22. N 143 Заңымен.

9-бап. Дипломатиялық қызмет органдарына қызметке тұру

1. Дипломатиялық қызметке жоғары білімі бар, қазақ, орыс және шет тілдерін еркін меңгерген және өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін тиісті іскерлік, моральдық, кәсіби қасиеттерге қол жеткізген әрі денсаулық жағдайы дұрыс Қазақстан Республикасының азаматы тағайындала алады.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады.

Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшілерін, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты (өкілетті) өкілдерін Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды және босатады.

Егер халықаралық ұйымның жарғылық немесе өзге де құжаттарында халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты (өкілетті) өкілдерді мемлекет басшыларының

тағайындамайтыны көзделсе, онда Қазақстан Республикасының халықаралық ұйым жанындағы Тұрақты (Өкілетті) өкілінің мемлекеттік саяси қызметші мәртебесі болмайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшілеріне бірнеше шет мемлекетпен және халықаралық ұйыммен қатынастарда қоса атқару бойынша Қазақстан Республикасының атынан өкілдік ету өкілеттіктерін жүктей алады.

Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшілері орналасқан жері Қазақстан Республикасында болып тағайындалуы мүмкін.

Орналасқан жері Қазақстан Республикасындағы қоса атқару бойынша Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшілерінің және Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшілерінің қызметін ұйымдастыру тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасарлары, ведомстволардың басшылары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатылады.

Сыртқы істер министрлігінде басқа лауазымдарға тағайындауды және дипломатиялық қызметтен босатуды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі жүргізеді.

Шет елдердегі мекемелерде басқа лауазымдарға тағайындауды және дипломатиялық қызметтен босатуды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі жүргізеді.

Дипломатиялық қызмет лауазымдарына тағайындау осы Заңда, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

3. Дипломатиялық қызмет органдарына қызметке тұру Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасына сәйкес арнаулы тексерудің оң нәтижелері алынғаннан кейін жүзеге асырылады.

4. Шет елдегі жұмыстан кейін Қазақстан Республикасына оралған дипломатиялық қызмет персоналы, егер ол осы Заңның 22-бабында көзделген жазаларға тартылмаған болса, Сыртқы істер министрлігінде атқарған лауазымнан төмен емес лауазымға ротациялау тәртібімен тағайындалады.

4-1. Халықаралық ұйымға лауазымға тағайындалғанға дейін тікелей дипломатиялық қызметте болған дипломатиялық қызмет персоналы халықаралық ұйымдағы жұмысы аяқталғаннан кейін халықаралық ұйымдағы лауазымынан босатылған күннен бастап үш ай ішінде Сыртқы істер министрлігінде атқарған лауазымынан төмен емес лауазымға конкурстық іріктеу жүргізілмей тағайындалады.

Осы тармақтың күші халықаралық ұйымға лауазымға тағайындалғанға дейін тікелей мемлекеттік саяси лауазымды атқарған адамдарға қолданылмайды.

5. Алып тасталды – ҚР 19.05.2026 № 291-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда адамдар дипломатиялық қызмет органдарына қабылданбайды.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.05.22 N 143 (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.04.29 N 154-IV, 2010.12.27 № 366-IV (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.11.2015 № 417-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2017 № 77-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2020 № 393-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.05.2026 № 291-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-1-бап. Сыртқы істер министрлігінің кадр резерві

1. Дипломатиялық қызмет органдарындағы жұмысы тоқтатылған кезде дипломатиялық қызмет персоналы Сыртқы істер министрлігінің кадр резервіне алынады.

2. Сыртқы істер министрлігінің кадр резервіне алынған адамдардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасына сәйкес Сыртқы істер министрлігіндегі "Б" корпусының бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған ішкі конкурсқа қатысуға құқығы бар.

Ескерту. 2-тарау 9-1-баппен толықтырылды - ҚР 23.11.2015 № 417-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-тарау. ДИПЛОМАТТЫҚ ДӘРЕЖЕЛЕР

10-бап. Дипломаттық дәрежелер

Дипломатиялық қызмет қызметкерлеріне атқаратын лауазымы және біліктілігі ескеріле отырып, мынадай дипломаттық дәрежелер беріледі:

- 1) атташе;
- 2) үшінші хатшы;
- 3) II сыныпты екінші хатшы;
- 4) I сыныпты екінші хатшы;
- 5) II сыныпты бірінші хатшы;

- 6) I сыныпты бірінші хатшы;
- 7) II сыныпты кеңесші;
- 8) I сыныпты кеңесші;
- 9) II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл;
- 10) I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл;
- 11) Төтенше және Өкілетті Елші.

Осы баптың бірінші бөлігінің 9), 10) және 11) тармақшаларында көзделген дипломаттық дәрежелер жоғары дипломаттық дәрежелер болып саналады.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-бап. Дипломаттық дәрежелерді беру тәртібі

1. Жоғары дипломаттық дәрежелерді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті береді.

Басқа дипломаттық дәрежелерді Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі береді.

Дипломаттық дәрежелерді беру тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

2. Қызметкердің дипломаттық дәрежесі, әдетте, дипломатиялық қызметте атқаратын лауазымына сәйкес болуға немесе бір саты жоғары не төмен болуға тиіс.

3. Дипломаттық дәрежелерді беру тиісті куәліктер тапсырумен және қызмет тізіміндегі (еңбек кітапшасындағы) жазбалармен расталады. Осы Заңның 13-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, дипломаттық дәрежелер өмір бойына беріледі және сақталады.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.27 № 366-IV (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.06.2017 № 77-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2020 № 393-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Дипломаттық дәрежелерде болу мерзімдері

1. Дипломатиялық қызмет қызметкерлері үшін дипломаттық дәрежелерде болудың мынадай мерзімдері белгіленеді:

- 1) атташе, үшінші хатшы, II және I сыныпты екінші хатшы үшін - екі жыл;
- 2) II және I сыныпты бірінші хатшы, II сыныпты кеңесші үшін - үш жыл.

I сыныпты кеңесшіден бастап және одан жоғары дипломаттық дәрежелерде болу мерзімдері белгіленбейді.

2. Дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің дипломаттық дәрежелерде болу мерзімдеріне:

- 1) Сыртқы істер министрлігіндегі және оған бағынысты ұйымдардағы жұмыс;
- 2) шет елдердегі мекемелердегі жұмыс;
- 3) Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасы аумағындағы өкілдіктеріндегі жұмыс;
- 4) бұрынғы КСРО мен одақтас республикалардың сыртқы істер министрліктеріндегі жұмыс;
- 5) халықаралық ұйымдардағы жұмыс;
- 6) Сыртқы істер министрлігінің жоғары оқу орындарындағы және ғылыми мекемелеріндегі ғылыми немесе оқытушылық жұмыс;
- 7) Сыртқы істер министрлігінің саласы бойынша оқу орындары мен ғылыми мекемелерде біліктілікті арттыру;
- 8) Сыртқы істер министрлігі жоғары оқу орындарына, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымына, аспирантураға, докторантураға және ғылыми мекемелерге уақытша жіберген адамдардың оқу мерзімі есептеледі.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.05.2026 № 291-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13-бап. Дипломаттық дәрежені мерзімнен бұрын және кезектен тыс беру, төмендету, одан айыру және қалпына келтіру

1. Жекелеген жағдайларда, жұмыста елеулі табыстарға қол жеткізсе немесе айрықша еңбек сіңірсе, белгіленген мерзім өткенге дейін (мерзімінен бұрын дәреже беру) немесе дәреже берудің кезегі сақталмастан (кезектен тыс дәреже беру) дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің дәрежесі өсірілуі мүмкін.

2. Дипломатиялық қызмет қызметкерлері, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігінен жұмыстан босатылған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында немесе болатын елінің заңнамасында көзделген жауаптылыққа алып келетін іс-әрекеттерді жасаған жағдайда, олардың дипломаттық дәрежесі төмендетілуі немесе дипломаттық дәрежесінен айырылуы мүмкін.

Дипломатиялық қызмет органдары жүйесінен қызметтік тәртіпті бұзғаны, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін босатылған кезде дипломатиялық қызмет қызметкері бір мезгілде дипломаттық дәрежесінен айырылады.

Дипломатиялық қызмет қызметкерін дипломаттық дәрежесінен айыру немесе төмендету, сондай-ақ оның дәрежесін қалпына келтіру дипломаттық дәреже берілгендегідей тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 23.11.2015 № 417-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-тарау. ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ӨТУ

14-бап. Дипломатиялық қызмет органдарында лауазым ауыстыру, қызмет атқару

1. Дипломатиялық қызмет персоналының лауазым ауыстыруы кадрлардың біліктілігі, кәсіби даярлығы, олардың ротациясы мен мамандану принциптері ескеріле отырып, қызмет бабындағы қажеттілікке сәйкес жүзеге асырылады.

Дипломатиялық қызмет органдарында бос немесе уақытша бос лауазымдарға орналасу осы Заңға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

2. Дипломатиялық қызмет қызметкерінің лауазымы шет елдердегі мекемелердегі жұмысы кезеңінде, оның шет елде болу мерзімі қызмет бабындағы қажеттілікке байланысты ұзартылған жағдайларды қоспағанда, бір реттен артық өсірілмейді.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 23.11.2015 № 417-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.05.2026 № 291-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-бап. Ротация

1. Дипломатиялық қызмет органдарында дипломатиялық қызмет персоналын ротациялау жүргізіледі.

Ротация шеңберінде дипломатиялық қызмет персоналы, оның кәсіби даярлығы мен мамандануы ескеріле отырып, шет елдегі дипломатиялық қызмет органдарына жұмысқа жіберіледі немесе өздерінің қызметін Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінде жүзеге асырады.

2. Дипломатиялық қызмет персоналын ротациялау мынадай түрлерге бөлінеді:

1) сыртқы – конкурстық іріктеуді жүргізусіз жүзеге асырылатын, Сыртқы істер министрлігінен шет елдердегі мекемелерге және шет елдердегі мекемелерден Сыртқы істер министрлігіне, сондай-ақ шет елдердегі мекемелер арасында орын ауыстырулар.

Сыртқы ротациялауға орналасқан жері Қазақстан Республикасында болатын Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымына тағайындау да жатады;

2) ішкі – осы Заңда және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда конкурстық іріктеуді жүргізусіз жүзеге асырылатын, Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелері арасында орын ауыстырулар.

3. Дипломатиялық қызметке алғаш тұрған Қазақстан Республикасының азаматтары Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінде жұмыс істегеніне бір жыл өткеннен кейін ғана, олардың кәсіби білімі мен тіл білуі ескеріле отырып, шет елдердегі мекемелерге жұмысқа жіберілуі мүмкін.

Шет елдердегі мекемелерде жұмыс істеу арасындағы кезеңде Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелеріндегі жұмыс істеу мерзімі дипломатиялық

қызмет қызметкерлерінде кемінде екі жылды, дипломатиялық қызмет жұмыскерлерінде кемінде бір жылды құрауға тиіс.

4. Дипломатиялық қызмет персоналы үшін шет елдердегі мекемелерде үздіксіз жұмыстың мынадай:

1) Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшілері, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты (өкілетті) өкілдері үшін – бес жылдан ұзақ емес;

2) Қазақстан Республикасының бас консулдары үшін – төрт жылдан ұзақ емес;

3) кеңесші-уәкілдер, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты (өкілетті) өкілдерінің орынбасарлары, сондай-ақ сирек кездесетін шет тілдерін меңгерген дипломатиялық қызмет персоналы үшін – төрт жылдан ұзақ емес;

4) осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген адамдарды қоспағанда, дипломатиялық қызмет персоналы үшін – үш жылдан ұзақ емес мерзімдері белгіленеді.

Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшілерінің, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты (өкілетті) өкілдерінің үздіксіз жұмыс мерзімдерін қызметтік қажеттілік болған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті ұзартуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы бас консулдарының үздіксіз жұмыс мерзімдерін қызмет бабында қажеттілік болған жағдайда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі ұзартуы мүмкін.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген адамдардың үздіксіз жұмыс мерзімдерін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі ұзартуы мүмкін, бірақ ол бір жылдан аспауға тиіс.

5. Дәлелсіз себептермен шет елдегі мекемеге жұмысқа барудан бас тарту тәртіптік тұрғыдан теріс қылық болып табылады және тәртіптік жаза қолдану үшін негіз болады.

Шет елдегі мекемеге жұмысқа барудан бас тарту үшін дәлелді деп танылатын себептердің тізбесін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі белгілейді.

6. Шет елдегі дипломатиялық қызмет органдарына жұмысқа жіберу кезінде дипломатиялық қызмет персоналына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде біржолғы жәрдемақы төленеді.

7. Осы баптың 3-тармағының күші:

1) осы Заңның 15-2-бабында көзделген жағдайларға;

2) мемлекеттік саяси қызметшілерге;

3) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерінде Қазақстан Республикасы Президентінің сыртқы саясат саласындағы өкілеттіктерін іске

асыруды қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын лауазымдарды атқаратын адамдарға;

3-1) Қазақстан Республикасы Құрылтайы Аппаратының құрылымдық бөлімшелерінде лауазымдарды атқаратын, Құрылтайдың халықаралық және парламентаралық ынтымақтастығын қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын, осы құрылымдық бөлімшелерде кемінде бес жыл үздіксіз жұмыс істеген адамдарға;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының құрылымдық бөлімшелерінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі бірінші орынбасарының және орынбасарларының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Басшысының және оның орынбасарларының қызметін халықаралық ынтымақтастық мәселелері бойынша ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын лауазымдарды атқаратын адамдарға;

5) сирек кездесетін шет тілдерін меңгерген дипломатиялық қызмет персоналына қолданылмайды.

Сирек кездесетін шет тілдер тізбесін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі белгілейді.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.05.22. N 143; 23.11.2015 № 417-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2017 № 77-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.11.2019 № 273-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.05.2026 № 291-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

15-1-бап. Дипломатиялық қызмет персоналының іссапарға баруы

1. Дипломатиялық қызмет персоналы дипломатиялық қызмет органдарының міндеттерін шешу үшін мемлекеттік органдарға және өзге де ұйымдарға іссапарға баруы мүмкін.

Іссапарға барған адамның дипломатиялық қызмет персоналы мәртебесі, атқаратын лауазымы, сондай-ақ осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген құқықтары, кепілдіктері, жеңілдіктері, өтемақылары, үстемеақылары, төлемдері, зейнетақымен қамсыздандырылуы және әлеуметтік қорғалуы сақталады.

2. Дипломатиялық қызмет персоналының іссапарға бару тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша айқындайды.

Ескерту. 4-тарау 15-1-баппен толықтырылды - ҚР 23.11.2015 № 417-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2017 № 86-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.05.2026 № 291-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-2-бап. Өзге мемлекеттік органдардан мемлекеттік қызметшілердің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне іссапарға баруы

Ескерту. 15-2-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Қазақстан Республикасы Президентінің немесе оның уәкілеттік беруімен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының өзге мемлекеттік органдарынан мемлекеттік қызметшілердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметкерлерінің шет елдердегі мекемелерге іссапарға баруының Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша айқындайтын тәртібімен дипломатиялық қызмет персоналы лауазымына орналасуға жол беріледі.

2. Шет елдердегі мекемелерге өзге мемлекеттік органдардан іссапарға бару тәртібімен тағайындалған мемлекеттік қызметшілерге, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметкерлеріне дипломатиялық қызмет персоналының шет елдердегі мекемелердегі үздіксіз жұмысының осы Заңның 15-бабының 4-тармағында белгіленген мерзімдері қолданылады.

Ескерту. 4-тарау 15-2-баппен толықтырылды - ҚР 23.11.2015 № 417-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2017 № 86-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-бап. Аттестаттау

Дипломатиялық қызмет персоналы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасына сәйкес аттестаттаудан өтеді.

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жұмысқа жіберілген дипломатиялық қызмет персоналы шет елдердегі мекемелерден оралғаннан кейін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тәртіппен аттестатталады.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР 23.11.2015 № 417-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17-бап. Жоғары оқу орындарына, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымына, ғылыми мекемелерге жіберу

Ескерту. 17-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 19.05.2026 № 291-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Дипломатиялық қызмет персоналы өз келісімімен кәсіби даярлықтан өту, өзекті халықаралық проблемаларды ғылыми тұрғыдан талдап әзірлеу үшін Қазақстан Республикасының не басқа елдердің жоғары оқу орындарына, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымына, ғылыми мекемелеріне уақытша жіберілуі мүмкін.

2. Кәсіби даярлықтан өту, өзекті халықаралық проблемаларды ғылыми тұрғыдан талдап әзірлеу аяқталғаннан кейін дипломатиялық қызмет персоналы Сыртқы істер министрлігінің кадр резервіне алынады.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 23.11.2015 № 417-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 19.05.2026 № 291-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Дипломатиялық қызмет персоналының еңбек қатынастарын тоқтату

1. Дипломатиялық қызметті тоқтату үшін:

1) дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе дипломатиялық қызмет жұмыскерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін не мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық үшін жауаптылығын қарастыру жағдайларын қоспағанда, оның өз еркімен жұмыстан босату туралы өтініш беруі;

2) еңбек шарты мерзімінің бітуі не Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша еңбек шартын бұзу;

3) дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе дипломатиялық қызмет жұмыскерінің өз кірісі мен өзіне меншік құқығында тиесілі мүлкі туралы көрінеу жалған мәліметтер беруі;

4) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту, одан айыру не шығу салдарынан Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуы негіз болады.

Дипломатиялық қызметтің қызметкері немесе дипломатиялық қызметтің жұмыскері басқа мемлекеттің азаматтығын алған жағдайда, ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жұмыстан шығарылуға жатады;

4-1) алып тасталды – ҚР 19.05.2026 № 291-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген міндеттер мен шектеулерді сақтамау;

6) аттестаттаудың теріс нәтижелері;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де себептер негіз болып табылады.

2. Дипломатиялық қызметтің персоналын жұмыстан дипломатиялық лауазымға тағайындау құқығы берілген тиісті лауазымды адам босатады.

Дипломатиялық қызметтің персоналы дипломатиялық қызмет органдарынан өз еркімен жұмыстан шыққан кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сыртқы істер министрлігінің кадр резервіне алынады.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 23.11.2015 № 417-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.05.2026 № 291-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-тарау. ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ПЕРСОНАЛЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

19-бап. Дипломатиялық қызмет персоналының құқықтары мен міндеттері

1. Өзінің кәсіби функцияларын жүзеге асырған кезде дипломатиялық қызмет персоналының:

1) дипломатиялық қызмет органдарының қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) шет елде болу кезеңінде халықаралық құқық нормаларына сәйкес белгіленген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалануға;

3) Қазақстан Республикасының азаматтарына Конституцияда және Қазақстан Республикасының заңдарында кепілдік берілген өзге де құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға құқығы бар.

Дипломатиялық қызмет қызметкерлері мемлекеттің сыртқы саясаты мәселелері, Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастар саласындағы заңдарын жетілдіру жөнінде, оны Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық міндеттемелеріне сай келтіру жөнінде ұсыныстар енгізуге де құқылы.

1-1. Төтенше және өкілетті елші дипломаттық дәрежесі бар дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің және олардың жұбайларының Қазақстан Республикасының дипломаттық паспортын өмір бойы пайдалануға құқығы бар.

2. Дипломатиялық қызмет персоналы:

- 1) дипломатиялық қызмет атқаруға байланысты міндеттерді адал орындауға;
- 2) болатын мемлекетінің заңдарын, дәстүрлері мен әдет-ғұрпын құрметтеуге;
- 3) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны, дипломатиялық қызмет аяқталғаннан кейін де, жарияламауға;
- 4) өзінің кәсіби деңгейін, біліктілігін, жалпы саяси даярлығын арттыруға, мемлекеттік және шет тілдерді білуін жетілдіруге;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

Ескерту. 19-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.27 № 366-IV (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

20-бап. Дипломатиялық қызмет органдарында қызметте болуға байланысты шектеулер

Дипломатиялық қызмет персоналы үшін "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шектеулер белгіленеді.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - ҚР 18.11.2015 № 411-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

21-бап. Дипломатиялық қызмет персоналын және дипломатиялық қызмет ардагерлерін көтермелеу

Ескерту. 21-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Қызмет бабындағы міндеттерін үлгілі атқарғаны, орындаған тапсырмаларының жоғары сапасы, бастамашылдығы, шығармашылық белсенділігі, ұзақ әрі мінсіз қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін дипломатиялық қызмет персоналы:

- 1) дипломаттық дәрежесін мерзімінен бұрын өсірумен;
- 2) біржолғы ақшалай сыйақымен;
- 3) Сыртқы істер министрлігінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ведомстволық наградалармен;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген көтермелеу шараларының өзге де нысандарымен көтермеленуі мүмкін.

2. Ерекше еңбек сіңіргені үшін дипломатиялық қызмет персоналы Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттауға ұсынылуы мүмкін.

3. Ұлттық, мемлекеттік, кәсіби және өзге де мерекелерді мейрамдауға байланысты ведомстволық наградалармен наградтауға дипломатиялық қызмет ардагерлері ұсынылуы мүмкін.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-бап. Дипломатиялық қызмет персоналының жауапкершілігі

1. Дипломатиялық қызмет персоналы өзіне жүктелген міндеттерді бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2. Дипломатиялық қызмет персоналына мынадай тәртіптік жазалар қолданылады:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) дипломаттық дәрежені беруді бір жылға дейін кідірте тұру;
- 5) лауазымын немесе дипломаттық дәрежесін төмендету;
- 6) дипломаттық дәрежесінен айыру;
- 7) қызметке сәйкес еместігі туралы ескерту;
- 8) жұмыстан босату.

3. Дипломатиялық қызмет персоналына тәртіптік жаза қолдану Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

23-бап. Дипломатиялық қызмет персоналын кері шақырып алу

1. Шет елдердегі мекемелерде жұмыс істейтін дипломатиялық қызмет персоналы қызметтік міндеттерін өрескел бұзған, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының немесе болатын елінің заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғатын әрекеттер жасаған жағдайда оған тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға қоса, ол Қазақстан Республикасына мерзімінен бұрын кері шақырып алынады.

2. Дипломатиялық қызмет персоналын мерзімінен бұрын кері шақырып алуға отбасы мүшелерінің дәл сондай әрекеттер жасауы да негіз болып табылады.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-тарау. ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ПЕРСОНАЛЫНА БЕРІЛЕТІН КЕПІЛДІКТЕР МЕН ӨТЕМДЕР, ОЛАРДЫ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, СОНДАЙ-АҚ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ТЕҢЕСТІРІЛГЕН ӨКІЛДІКТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Ескерту. 6-тараудың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

24-бап. Дипломатиялық қызметті қаржылық және материалдық-шаруашылық жағынан қамтамасыз ету

1. Дипломатиялық қызметті және оның органдарын қаржылық жағынан қамтамасыз ету бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Шет елдердегі мекемелердің бюджетті жоспарлау, бекіту, қаржыландыру және атқару тәртібін бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі айқындайды.

2. Алып тасталды - ҚР 23.11.2015 № 417-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Құрметті консул аппаратының қызметін және соған байланысты іс-шараларды қаржыландыру құрметті консул бөлетін қаражат есебінен жүзеге асырылады.

4. Дипломатиялық қызмет органдары көлікпен, қызметтік үй-жайлармен, байланыс құралдарымен және басқа да қажетті мүлікпен қамтамасыз етіледі.

5. Дипломатиялық қызмет органдарының Қазақстан Республикасының аумағы мен шет елдегі жылжымайтын және өзге мүлікті иелену, пайдалану және оларға билік ету тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

6. Дипломатиялық қызмет органдарын, оның ішінде шет елдегі, мемлекеттік меншіктегі және жалға алынған әкімшілік ғимараттарды, тұрғын және тұрғын емес ғимараттар мен үй-жайларды, сондай-ақ шет елдердегі мекемелердің резиденцияларын материалдық-техникалық қамтамасыз ету және оларға сервистік қызмет көрсету бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Дипломатиялық қызмет органдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді және оларға сервистік қызмет көрсетуді өзіне тиісті функциялар жүктелген дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі ұйым жүзеге асырады.

Дипломатиялық қызмет органдарына сервистік қызмет көрсету деп: мүліктің тиісті жай-күйін ұстап-тұруға және қалпына келтіруге; құрылымдық бөлімшелерді жабдықтауға және олардың жұмыс істеуіне; бағдарламалық-ақпараттық және автокөліктік қызмет көрсетуге бағытталған әрекеттер; іс-шараларға қызмет көрсету және оларды өткізу жөніндегі ұйымдастырушылық және ілеспе әрекеттер, көрсетілетін аударма қызметтері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де әрекеттер түсініледі.

Ескерту. 24-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 23.11.2015 № 417-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2017 № 77-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 154-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

24-1-бап. Сыртқы саясат, халықаралық қатынастар және халықаралық құқық мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу

Сыртқы саясат, халықаралық қатынастар және халықаралық құқық мәселелері бойынша зерттеулер жүргізуді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға жүзеге асырады.

Ескерту. 24-1-баппен толықтырылды – ҚР 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25-бап. Дипломатиялық қызмет персоналына берілетін кепілдіктер мен өтемақылар

1. Дипломатиялық қызмет персоналын және дипломатиялық қызмет персоналының бірге жүретін отбасы мүшелерін материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету өткеретін қызметінің күрделілігі, онымен байланысты тәуекел, сондай-ақ шет мемлекеттің өзіндік ерекшеліктері ескеріле отырып ұсынылады.

Шет елде болу дипломатиялық қызмет персоналын және дипломатиялық қызмет персоналының бірге жүретін отбасы мүшелерін қандай да бір залалға алып келмеуге тиіс. Шет елдегі дипломатиялық қызмет персоналына және дипломатиялық қызмет персоналының бірге жүретін отбасы мүшелеріне қатысты көмек көрсету және қорғауды ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді шет елдегі мекеменің басшысы орындайды.

Дипломатиялық қызмет қызметкері немесе дипломатиялық қызмет жұмыскері шет елдегі мекемеде жұмыс істеген уақытында ауырған жағдайда, дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе дипломатиялық қызмет жұмыскерінің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында айқындалған мөлшерде жәрдемақы алуға құқығы бар.

Дипломатиялық қызмет қызметкері немесе дипломатиялық қызмет жұмыскері шет елдегі мекемеде жұмыс істеген уақытында қайтыс болған жағдайда, қайтыс болған дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе дипломатиялық қызмет жұмыскерінің жұбайына (зайыбына) немесе "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес айқындалатын жақын туыстарының біріне үш орташа айлық жалақы мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді, бұл ретте жәрдемақы мөлшері Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленгеннен төмен болмайды.

Шет елдегі мекемеде жұмыс істеген уақытында дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе дипломатиялық қызмет жұмыскерінің отбасында бала туылған жағдайда, дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе дипломатиялық қызмет жұмыскерінің Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде айқындалған мөлшерде жәрдемақы алуға құқығы бар.

Шет елдегі мекемеде жұмыс істеген уақытында дипломатиялық қызмет персоналының отбасы мүшелері ауырған, қайтыс болған жағдайда, оның отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған мөлшерде жәрдемақы алуға құқығы бар.

2. Шет елдегі мекемеге жұмысқа жіберілген дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе дипломатиялық қызмет жұмыскерінің жұбайы (зайыбы) аталған тағайындау туралы шешім қабылданған кезде мемлекеттік қызметте мемлекеттік лауазымды атқарып жүрген жағдайда, оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасына оралғаннан кейін оның мемлекеттік қызметте бұрын атқарған мемлекеттік лауазымы дипломатиялық қызмет персоналының шет елдегі мекемеде жұмыс істеу кезеңінде сақтала отырып, дипломатиялық қызмет персоналының бірге жүретін отбасы мүшесі ретінде жұбайының (зайыбының) шет елге шығу кезеңіне жалақысы сақталмайтын демалыс беріледі.

3. Дипломатиялық қызмет персоналына және дипломатиялық қызмет персоналының бірге жүретін отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін дипломатиялық қызмет персоналының шет елдегі еңбек жағдайларына сәйкес бюджет қаражаты есебінен медициналық қамтамасыз ету ұсынылады.

4. Шет елдегі мекемеде жұмыс істейтін дипломатиялық қызмет персоналының және дипломатиялық қызмет персоналының бірге жүретін отбасы мүшелерінің жыл сайынғы ақы төленетін демалыс берілуіне байланысты екі жаққа көлік шығыстарының төлемін алуға құқығы бар.

Шет елдегі мекемеде жұмыс істейтін дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе дипломатиялық қызмет жұмыскерінің, сондай-ақ оның жұбайының (зайыбының) дипломатиялық қызмет персоналы отбасы мүшелерінің немесе жұбайының (зайыбының) ата-анасының (ата-аналарының) қайтыс болуына байланысты екі жаққа көлік шығыстарының төлемін алуға құқығы бар.

5. Дипломатиялық қызмет персоналы өзімен бірге тұратын отбасы мүшелерінің саны, лауазымдық жағдайы, жергілікті жағдай, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі айқындайтын нормативтер ескеріле отырып, шет елде тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

6. Шет елдегі мекемеде жұмыс істеген уақытында дипломатиялық қызмет персоналының балаларына мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі айқындайтын тәртіппен және мөлшерде бюджет қаражаты есебінен төленеді.

7. Шет елдердегі мекемелерде бос әкімшілік-техникалық лауазымдар болған кезде дипломатиялық қызмет персоналының шет елдегі бірге жүретін отбасы мүшелеріне уақытша жұмысқа орналасу құқығы берілуі мүмкін.

8. Қарулы немесе азаматтық қақтығыстар жағдайында не шет елдердегі мекемелер мен олардың персоналының қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайларда, сондай-ақ шет

елдердегі мекемелер орналасқан жерлерде төтенше жағдай болған жағдайларда Сыртқы істер министрлігі дипломатиялық қызмет персоналының және дипломатиялық қызмет персоналының бірге жүретін отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды қорғауды ұйымдастыру үшін қажетті шаралар қабылдайды.

9. Дипломатиялық қызмет қызметкері немесе дипломатиялық қызмет жұмыскері шет елде қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан не шет елде қызметтік міндеттерін орындау кезінде алған жарақаты салдарынан бір жыл ішінде қайтыс болған жағдайда, қайтыс болған дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе дипломатиялық қызмет жұмыскерінің жұбайына (зайыбына) немесе "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес айқындалатын жақын туыстарының біріне оның Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы лауазымы бойынша өтемақыны есепке жазу күніне өтілі бойынша лауазымдық айлықақысынан есептелетін алпыс айлық қамтым мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

10. Дипломатиялық қызмет қызметкері немесе дипломатиялық қызмет жұмыскері шет елдегі мекемеде жұмыс істеген уақытында қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, дипломатиялық қызмет персоналының бірге жүретін отбасы мүшелеріне, ақылға қонымды мерзім ішінде, бірақ дипломатиялық қызмет қызметкері немесе дипломатиялық қызмет жұмыскері қаза тапқан (қайтыс болған) күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде осы бапта көзделген кепілдіктер мен өтемақылар сақталады.

11. Дипломатиялық қызмет қызметкері немесе дипломатиялық қызмет жұмыскері шет елде қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан жағдайда, қаза тапқан адамның отбасының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай алуға құқығы бар.

12. Дипломатиялық қызмет қызметкеріне немесе дипломатиялық қызмет жұмыскеріне шет елде қызметтік міндеттерін орындау кезінде ауруы, мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузия алуы) салдарынан болған мүгедектік белгіленген кезде оның Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы лауазымы бойынша өтемақыны есепке жазу күніне өтілі бойынша лауазымдық айлықақысынан есептелетін:

- 1) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға – отыз айлық қамтым;
- 2) екінші топтағы мүгедектігі бар адамға – он сегіз айлық қамтым;
- 3) үшінші топтағы мүгедектігі бар адамға алты айлық қамтым мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

13. Дипломатиялық қызмет қызметкері немесе дипломатиялық қызмет жұмыскері шет елде қызметтік міндеттерін орындау кезінде мүгедектікке алып келмеген ауыр мертіккен (жараланған, жарақаттанған, контузия алған) жағдайда, оның Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы лауазымы бойынша өтемақыны есепке жазу күніне өтілі бойынша лауазымдық айлықақысынан есептелетін – үш айлық қамтым мөлшерінде, жеңіл мертігу жағдайында бір айлық қамтым мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

14. Егер дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе дипломатиялық қызмет жұмыскерінің қаза табуы (қайтыс болуы), ауруы, мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузия алуы) қызметтік міндеттерін орындауға қатысы жоқ мән-жайларға байланысты болғаны белгіленген тәртіппен дәлелденсе, осы баптың 9, 12 және 13-тармақтарында көрсетілген сома төленбейді.

Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда – ҚР 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.04.2023 № 226-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

26-бап Жерлеу шығыстарын өтеу

1. Шет елде қаза тапқан (қайтыс болған) дипломатиялық қызмет қызметкерін немесе дипломатиялық қызмет жұмыскерін жерлеуге оның отбасы мүшесіне оның Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы лауазымы бойынша жәрдемақыны есепке жазу күніне өтілі бойынша лауазымдық айлықақысынан есептелетін үш айлық қамтым мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді.

Дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе дипломатиялық қызмет жұмыскерінің шет елде қаза тапқан (қайтыс болған) бірге жүретін отбасы мүшесін жерлеуге дипломатиялық қызмет қызметкеріне немесе дипломатиялық қызмет жұмыскеріне оның Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы лауазымы бойынша жәрдемақыны есепке жазу күніне өтілі бойынша лауазымдық айлықақысынан есептелетін үш айлық қамтым мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді.

2. Шет елде қаза тапқан (қайтыс болған) дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе дипломатиялық қызмет жұмыскерінің не дипломатиялық қызмет персоналының бірге жүретін отбасы мүшесінің мәйітін Қазақстан Республикасына оның тұрақты тұрған жеріне немесе қаза тапқан (қайтыс болған) дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе дипломатиялық қызмет жұмыскерінің отбасы мүшелерімен не дипломатиялық қызмет қызметкерімен немесе дипломатиялық қызмет жұмыскерімен келісу бойынша кез келген басқа жерге жеткізу және онымен байланысты шығыстар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда – ҚР 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

27-бап. Дипломатиялық қызмет персоналының еңбек қатынастарын реттеу

Дипломатиялық қызмет персоналының еңбек қатынастары, осы Заңда көзделген ерекшеліктер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін дипломатиялық

қызмет персоналының шет елдегі еңбек жағдайлары ескеріліп, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда - ҚР 23.11.2015 № 417-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тілінде өзгеріс енгізілмейді – ҚР 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

28-бап. Дипломатиялық қызмет персоналының еңбегіне ақы төлеу

Дипломатиялық қызмет персоналының еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді.

Шет елдегі дипломатиялық қызмет персоналының еңбегіне ақы төлеу болатын елінің саяси, әлеуметтік-экономикалық және материалдық-тұрмыстық жағдайлары ескеріле отырып айқындалады.

Ескерту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тілінде өзгеріс енгізілмейді – ҚР 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

29-бап. Дипломатиялық қызмет персоналына ақшалай төлемдер

Дипломатиялық қызмет персоналының сирек кездесетін шет тілдерін білгені үшін, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс істегені үшін ақшалай төлемдерді, сондай-ақ өкілдік керек-жарақ құнының жыл сайынғы ақшалай төлемін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерлерде алуына құқығы бар.

Дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің дипломаттық дәрежесі үшін ақшалай төлемдерді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерлерде алуына құқығы бар.

Ескерту. 29-бап жаңа редакцияда – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

29-1-бап. Дипломатиялық қызмет ардагерлеріне ақшалай төлемдер

Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйым жанындағы Тұрақты (Өкілетті) өкілі лауазымын атқарған немесе Төтенше және Өкілетті Елші дипломаттық дәрежесі бар дипломатиялық қызмет ардагерлеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мөлшерде және тәртіппен ай сайын ақшалай төлем жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тарау 29-1-баппен толықтырылды – ҚР 03.03.2021 № 13-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

30-бап. Жыл сайынғы демалыстар

1. Дипломатиялық қызметтің персоналына ұзақтығы отыз күнтізбелік күн жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы беріледі.

2. Шет елдегі мекемеде жұмыс істейтін дипломатиялық қызмет қызметкеріне немесе дипломатиялық қызмет жұмыскеріне кезекті еңбек демалысына шыққан кезде сауықтыру үшін оның Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы лауазымы бойынша лауазымдық айлықақысының екі еселенген мөлшерінде жәрдемақы төленеді.

Ескерту. 30-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

31-бап. Дипломатиялық қызметтің персоналын зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау

Дипломатиялық қызметтің персоналын зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

32-бап. <*>

Ескерту. 32-бап алып тасталды – ҚР 2004.12.20. N 13 Заңымен (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі).

32-1-бап. Қазақстан Республикасынан халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналы лауазымында болған лауазымды адамдарды қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасынан халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналы лауазымдарын атқарған лауазымды адамдар дипломатиялық қызмет персоналының осы Заңның 25, 28-баптарында көзделген және дипломаттық дәрежесі үшін төлемдерді, сондай-ақ өкілдік керек-жарак құнының жыл сайынғы ақшалай төлемін алу бөлігінде 29-бабында белгіленген ақшалай қамтымы, кепілдіктері мен өтемақылары мәселелерінде тиісті шет мемлекеттегі шетелдік мекеменің персоналына теңестіріледі.

2. Егер Қазақстан Республикасынан халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналы лауазымдарын атқарған лауазымды адамдардың халықаралық ұйымда ақшалай қамтымы, әлеуметтік, зейнетақымен және медициналық қамсыздандырылуы, сондай-ақ шет елде тұрғын үймен қамтамасыз етілуі тиісті шет мемлекеттегі шетелдік мекеменің персоналына қарағанда аз болған жағдайда, теңестірілген лауазым бойынша айырма бюджет қаражаты есебінен өтеледі.

Егер халықаралық ұйымның құжаттарында жіберуші тараптың есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету көзделген жағдайда, теңестірілген лауазым бойынша ақшалай өтемақы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасынан халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналы лауазымдарын атқарған лауазымды адамдарға ақшалай өтемақыны төлеу және айырманы өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Қазақстан Республикасынан халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген, бұрын дипломатиялық қызмет персоналы лауазымында болған лауазымды адамдарды тиісті шет мемлекеттегі мекеменің персоналына теңестіру Сыртқы істер министрлігінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. Заң 32-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.27 № 366-IV (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.03.2021 № 13-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

32-2-бап. Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктеріне, халықаралық ұйымдарға және (немесе) олардың өкілдіктеріне, сондай-ақ шет мемлекеттердің консулдық мекемелеріне қызмет көрсету

Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктеріне, халықаралық ұйымдарға және (немесе) олардың өкілдіктеріне, сондай-ақ шет мемлекеттердің консулдық мекемелеріне қызмет көрсетуді дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі ұйым жүзеге асырады.

Қызмет көрсету деп Қазақстан Республикасының аумағында болудың қолайлы және қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттер: ғимараттарға (үй-жайларға) кешенді қызмет көрсету және оларды жөндеу; автокөлікке қызмет көрсету үшін ғимараттарды жалға беруді қоса алғанда, бағдарламалық-ақпараттық және автокөліктік қызмет көрсету; Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл жасау; іс-шараларға қызмет көрсету және оларды өткізу жөніндегі ұйымдастырушылық және ілеспе әрекеттер, көрсетілетін аударма қызметтері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де әрекеттер түсініледі.

Ескерту. 6-тарау 32-2-баппен толықтырылды – ҚР 10.01.2025 № 154-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

33-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. "Дипломатиялық қызмет туралы" 1997 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 21, 275-құжат; 1999 ж., N 23, 916-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат) күші жойылды деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК